

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Құдық басындағы әйел



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen


Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тыйым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.


1

Иса мен Оның шәкірттері Самария
жерінде саяхаттап жүрді. Олар
Сихар деп аталатын қалаға келді.




2

Сонда құдық болатын, сол құдықтан Сихар тұрғындары ауыз су алатын. Жакып, израилдіктердің арғы атасы, бұл құдықты бағзы заманда қазған.




3

Тал түс шамасы, күн шақырайған ыстық болса керек. Шаршаған Иса құдық басына отырды, ал шәкірттері Сихарға нан алуға кеткен еді.



4

Иса жападан-жалғыз отырды, бірақ бұл ұзаққа созылмады. Сихарда тұратын әйел су алуға келді. «Маған ішетін су берші», – деді Иса оған.




5

Әйел таңғалды. «Сен қалайша еврей бола тұра менен, самариялық әйелден, су сұрайсың?» – деді ол. Сол күндерде еврейлер самариялықтармен еш араласпайтын.




6

Иса: «Егер сен Менің Кім екенімді білсен, Менен тірі су сұра едің», – деген кезде, ол одан бетер қатты таңғалған шығар.



7

Әйел Исаға былай деді: «Мырза, сіздің құдықтан су алатын ыдысыңыз жоқ, ал құдық терең. Сіз онда сол тірі суды қайдан аласыз? Сіз сонда бізге осы құдықты қазып беріп кеткен Жақыптан да ұлы болғаныңыз ба?...»




8

«Бұл суды ішетін әркім тағы да шөлдейді, – деді Иса әйелге. – Бірақ Мен беретін суды ішкен адам ешқашан шөлдемейді. Мен беретін су... оның ішінде мәңгілік өмір сыйлайтын, бұрқылдап жатқан қайнарға айналады». «Мырза, маған сол суды беріңізші...», – деді әйел.



9

Иса әйелден күйеуін шақырып келуді сұрады. «Менің күйеуім жоқ», – деп жауап қатты әйел. «Сенің бес күйеуің болды, – деді Иса. – Ал қазіргің күйеуің емес».




10

Әйел Исаның пайғамбар екенін білді. Ол Оны дауласуға мәжбүр етпек болды: Құдайға Иерусалимде табыну керек пе әлде самариялықтардың киелі тауында табынған дұрыс па? Иса шынайы табынушылар Әкеге рухпен және шындықпен табынатынын айтты.



11

«Мен Мәсіхтің келетінін білем, – деді әйел Исаға. – Ол келген кезде, бізге бәрін айтып береді». «Сенімен сөйлесіп тұрған Мен – Соның Өзімін», – деді Иса оған. Дәл сол мезетте шәкірттері қайтып оралды. Әйел өзінің су алатын қымбат құмырасын сонда, құдық басында, қалдырып, қалаға қайтып оралды.



12

Жүріңдер, менің құпия іс-әрекеттерімнің бәрін айтып берген Адамды көріңдер, – деді әйел Сихардың ерлеріне. – Мүмкін Ол Мәсіх шығар!» Ер-азаматтар Исаны өз көздерімен көру үшін қаланы тастап шықты.



13


Сол аралықта шәкірттер Исаға тамақ жеп алуды ұсынды. Бірақ Иса: «Менің тамағым – Мені Жібергеннің еркін орындау және Оның ісін аяқтау», – деді. Оның жұмысы адамдарды Құдайға әкелу еді.



14

Көптеген самариялықтар Оған сол әйелдің сөзінен кейін сенді. Олар Исадан өздерімен бірге қалуды

өтініп, Ол сонда екі күн болды. Көптеген басқа адамдар Исаның Өз Сөзіне бола сенді. Олар: «...біз өзіміз естіп, Оның шынымен Мәсіх, әлемнің Құтқарушысы екенін білеміз», –деді.



15

Құдық басындағы әйел

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Жохан 4

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

16

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

18

СОҢЫ

47

60

17